

төмен бағалар» ( «Бестік» желісі). « Логотипте бағаның төмендігін көрсету сатып алушыға еш әсер етпейді, ол әдіс өте кең тарап кетті. Логотипте көрсетілген ой белгілі бір әрекет бағытында, бір топ сатып алушыға мақсатты түрде бағытталған болуы керек, ол үнемі бағаның арзандығын көрсетпейді. Психологтардың айтуынша, сатып алушы логотиптің мағынасынан бұрын мәтін формасы мен мәтін түсін бірінші қабылдайды.[4] Сонымен, логотиптегі көрсетілген эмоция шрифт арқылы әріптің орналасуы мен графикалық нысан түрі арқылы беріледі. Ойылып жазылған шрифт тауар маркасын қолдануға болатынын немесе компанияның элитарлық позициясын көрсетеді деп саналады. Сонымен қатар шабылған шрифты компанияның массалық сегментке жұмыс істейтінін көрсетеді. Соңғы уақытта баспасөзде типографикаға көңіл аударатын көптеген жарияланымдар пайда болды. Ол отандық нарықта ресейдің және шетелдің брендтік агенттерінің жұмыс істейтінін көрсетіп отыр, олар осы мәселелерге көп көңіл бөле бермейді. Сонымен қатар нарықта жалған кәсіпқойлар да көп болып отыр.

Нәтижесінде сатып алушылар ойып жазылған әріптері бар немесе латын әріптерімен жазылған кириллицаға ұқсас логотиптерге ғана көңіл аудара бастады. Кейде сатып алушыларға олар атауын оқи алмайтын дүкенге келуге немесе атын оқу қиындық тудыратын өнімді сатып алу ұсынылады. Мамандар типографиялық талас тудыратын идеяларға сараптама жасап жатыр, ондай логотиптер көбіне теріс әсер қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Добробабенко Н.С. «Фирменный стиль: принципы разработки».- М: Инфра-М., 2003» -с. 67
2. Гермонова Л.Ю. «Эффективная реклама в России. Практика и рекомендации. Практика бизнеса» М.: Гелла-принт» 2002. - с. 16
3. Попов С.Г. «Основы маркетинга, учебное пособие»- СПб.: Питер, 2001. – с. 149
4. Уильям Уэллс, Джон Бернет, Сандра Мориарти «Реклама принципы и практика» - с. 65

## ДІЛІМНІҢ ТІЛДЕГІ КОНЦЕПТІЛЕРДЕ КӨРІНУІ

*Кадина Ж.З, ф.ғ.к., доцент,  
Сатеева Б.С, ф.ғ.м., аға оқытушы,  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әрбір халықтың өзіндік ділімі бар, сондықтан этностың өзінің бет бейнесі, ерекшелігі халықтың тарихында айқындалмауы мүмкін емес. Ділім ұғымын адамдардың нақты ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Менталитетке халықтардың тұрмыс-жағдайынан қалыптасқан мінез-кұлқын, әдет-ғұрпын, ойлау жүйесін, салт-санасын бейнелейтін рухани келбетінің сомдалған жиынтығын жатқызуға болады.

Лингвомәдениеттануда және когнитивтік лингвистикада ділім ұғымы этностың сана сезімінде қалыптасқан әлемнің бейнесі ретінде зерттеледі. Ділімнің көріністеріне ұлттық сана, ұлттық ойлау жүйесін, наным-сенімдерді, көзқарасты жатқызуға әбден болады. Егерде менталитет ұлттық психологияның, ұлттық дәстүрлердің көріністері болса, онда әр ұлттың менталитеті әр түрлі, бірі-біріне сәйкес келмейді. Әр халықтың менталитетінің ерекшелігі бар, себебі әр халықтың менталитеті түрлі табиғи-жағрафиялық ортада қалыптасады. Қоршаған ортаны біркелкі түрде халықтар қабылдай алмайды. Ділім қоршаған ортаның жағдайына қарай, этностардың табиғатына сәйкес, күнделікті тұрмыста орындайтын іс-әрекеттің бағытына орай ерекшелене қалыптасады. Мысалы, қазақ менталитеті европалықтар шеңберіне сыймайды.

Менталитет ең бастапқы түрде туған жағрафиялық ортаға, материалдық негізге, әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты. Д. Кішібеков қазақ менталитетінің кейбір ерекшеліктері турасында: «біріншіден, ұдайы мал бағып, соның соңында көшіп, қонып жүрді. Ол үшін кең дала, жазық жайлаулардың, тіпті шөлді жерлердің қажеттілігі еді. Екіншіден, көшпелі халықтың бүкіл өмір сүру тәсілі, әдет-ғұрпының сол көшпелі тұрмысқа, тұрған үйі, киген киімі, ішкен тамағы - бәрі сол жағдайға орай сәйкестендірілгені. Үшіншіден, көшпелілердің бір жерге шоғырланбай мал бағу жағдайына сәйкес ауыл-ауыл болып, бірінен-бірі алшақ тұруы [1].

Қазақ менталитетінің қалыптасуына оның кең даласы, көшпелілік тұрмыс-салты, мал

бағу іс-әрекеті үлкен әсер еткен. Ал, орыстар, гректер ділімі мүлдем басқа географиялық ортада қалыптасқан. Теңіз жағасында тұру, отырықшылық жағдайда бидай, жеміс-жидек, көкөніспен шұғылдану – осының бәрі де олардың мінез-құлқын, өмір сүру тәртібін, отырықшылық өміріне орай сәйкестіндірген. Ділімнің қалыптасуына ең бастапқы ықпал еткен күнделікті тұрмыстық іс-әрекет. Егерде қазақтардың негізгі өмір сүру тәсілі – мал бағу болса, орыстар, гректердің негізгі іс-әрекеті жерді өңдеу, балық шаруашылығымен шұғылдану, түрлі дақылды өндіру. Сондықтан, олардың салт-дәстүрлері де, мінез-құлықтары да осы екі негізгі (теңіз ісі, ауыл шаруашылығы) кәсіптеріне орай қалыптасқан. Қазақ халқының негізгі іс-әрекеті мал бағу болғандықтан, оның ділімі, ұлттық рухы, ұлттық санасының белгілері осы бағытта қалыптасқан.

Ұлттық сана дегеніміз белгілі бір ұлттың өкілі сезініп, ұлттық ортақ территориясына құштарлықты көрсете біліп, өзінің этносының құндылықтарын мадақтау, соларға бейімділігін арттыру. Ұлттық сана-сезімнің болуы, белгілі бір этностың көрсеткіші тәрізді. Жеке тұлғаның өзіндік санасы белгілі бір ұлттың өкілі ретінде ғана көрініс берумен шектелмейді. Қоғамдық ұлттық сана этностың, ұлттық қауымның объективті түрде сомдалған тұлғаларында айқындалынады. Айқындайтын тұлғалар: тіл, этникалық нормалар, құндылықтар, ритуалдар, халық мәдениетінің шығармалары.

А. Айталиевтің пайымдауынша, ұлттық тіл этностық қауымдастықтың жай ғана қатынас құралы емес, оның ерекше қасиеттерін ар-намысын, асыл – қасиеттерін, қайталанбас ерекше қасиеттерін көрсететін фактор [2].

Тілдік сана ұлттық сананың тілдік тұлғасы. Тілдік сана арқылы ғаламның тілдік суреті бейнеленеді. Сол арқылы бір этнос басқа этностан жіктелінеді.

А.А. Леонтьевтің ойынша, егерде тіл заттық немесе вербалдық тұлғада сомдалған мағыналардың жиынтығы болса, ұлттық сана тіл арқылы вербалды түрде сомдалынып, ғаламның бейнесін суреттейді. Тілдік санадан когнитивтік сананы айыра білу керек. Когнитивтік сана заттарды тану процессінде орын алатын құбылыс. Ол заттар туралы ұғымды қалыптастырып, сол заттарды осы ұғым бойынша бір-бірінен ажыратуға көмектеседі, сол заттармен не істеу керек, қалай қолдану керек деген сұрақтарға жауап беріп, баға береді [3].

Ойлау жүйесі адам балаларына ортақ болғанмен, әр халықтың ойлау ерекшелігі болады. Сол ойлау өзгешеліктері когнитивтік механизмдердің негізінде жүзеге асады. Когнитивтік механизмдер дегеніміз- әр халықтың ғаламдағы заттар туралы түсінік беретін фреймдер. Барлық халықтың ойлау жүйесі бір болғанмен, әр этностың ойлаған зат туралы түсінігі әр түрлі болады. М. Мұқановтың ойынша, «осындай деректер әрбір елдің тіршілік кәсібіне, ұлттық дәстүріне байланысты, әр елдің ақылының өзіне тән неше түрлі ерекшеліктері болатынын жоққа шығаруға болмайды. Мұндай ерекшеліктердің бәрі сол адамның өмір сүрген ортасымен тығыз байланысты болып келеді [4]. Ұлттық ойлау жүйесінің өзгешелігі мынада: 1) объективті әлем туралы әр халықтың түсінігі бір болғандықтан (логикалық ой-жүйенің негізінде), заттарда бәріне де ортақ әмбебаптық белгілер жіктелінеді. (универсальные признаки). Сол негізгі белгілер арқылы зат туралы қажетті түсінік қалыптасады. Бірақ бұл затта қосымша белгілерді де жіктеуге болады. Олардың негізінде зат туралы факультативті ұғым пайда болады. Факультативті ұғымдар әр халықтың затты әр тұрғыдан, тұрмыс-тіршіліктің, қоршаған ортаның көлеңкесінен қараудан туындайды. Факультативті ұғымдар сөз мағынасының, ұлттық құрамдас бөлшектерінің іргетасы. Г.Г. Гиздатовтың байқауынша, әр сөздің ассоциативтік кеңістігінде үш түрлі белгілер айқындалады: 1) қажетті белгілер; 2) затқа сипаттама беретін белгілер; 3) факультативтік, идиоэтникалық белгілер. Қажетті белгілер ұғымды белгілі клас-тобына сәйкестендіреді; сипаттама беретін белгілер аталған классқа тән қасиеттерді көрсетеді, ал факультативті белгілер әр этностың затқа деген ерекше көзқарасынан, танымал қабілеттілігінен туындаған қасиеттерді бейнелейді [ 5].

Ұлттық ойлау жүйесінің ерекшеліктері тілдегі концептілер арқылы көрініс береді. Көшпелі қазақ қоғамының өндірісі – мал бағу, төл өсіру, сол арқылы өмір сүру. Осындай көшпелі елдің өндіріс тәсілі отырықшы, егін шаруашылығымен шұғылданатын немесе өндіріспен айналысатын елдерден айрықша болатынын дәлелдеп көрейік. Сол үшін біз ұлттық рухтың - ұлттық болмыстың ұйытқысы - ділімнің тілдегі көрінісін зерделейік. Ұлттық рух халықтың тілі мен тарихынан, дәстүрі мен дүниетанымынан, діні мен ділінен, салты мен санасынан тиянақ табады. Ол - тарихи категория, мезгіл мен мекеннің ауысуына қарай түрленіп-түлеп отырады, бірақ қаншама өзгеріске ұшыраса

да өзінің көректенер көзін – энергетикалық мәйегін жоғалтпауға тырысады. Сондықтан белгілі бір дәрежеде ұлттық рух дегеніміз – ұлттық энергия.

Қазақ халқының ұлттық энергиясының - ділімінің өзгешелігін біріншіден, малжандылықта көруге болады. Қазақ малын қадірлеген, өйткені көшпелі қазақ қоғамының өндірісі – малды баптап, күту. Мал жесе тамақ, кесе – киім, оның өнімі – баспана болған. Қазақ малды «төрт түлік» деп, малды сан-қилы мақал-мәтелдерде бейнелеген, мысалы: мал екеш мал да, от жеп су ішкен жеріне тартады: туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі, түйе ойнайтын топырағы да дәрі; ай мүйізді қошқар, ала тайдай бүлдірді, егіз қозыдай, кәрі қойдың жасындай жасы қалды, мал құлағы саңырау, мал сілекей алды, сиырдай мүйізdestі, сиырдың бүйрегіндей бытырады, сиыр мінез, сиыр құйымшақтатты т.б. [6].

Қазақ әсіресе жылқы малын бағалаған, себебі жылқы мінсең көлік, ішсең ашытқан сүті қымыз, жесең тамақ, кесең киім. Сондықтан да қазақ жылқы малын қадірлеп, былай деген: «Қасиетті жануар. Біздің тегіміз - түркі, түлігіміз жылқы. Содан да болар атам қазақ: қой – береке, түйе – ғазиз, ал аттың жалына қиямет күніне шейін жақсылық байлаулы тұрады, - дейді. Жылқы төрт түліктің төресі. Тәқаппар, сезімтал, кірпияз, киелі жануар» (Егемен Қазақстан, 31, 2002). «Бір бие бұлақ басы, екі бие елдің асы, үш бие – теңіз, теңіздегіні бермеген доңыз» - деп қазақ жылқы малының берекесін айтады, қонақжайлылыққа тәрбиелейді.

Қазақ жасынан атқа мініп үйренген, өмірі, барлық іс-әрекеті осы жануарлармен тығыз байланысты, сондықтан да «ат» түлігімен байланысты алуан – түрлі фразеологизмдерде бар, мысалы: ат соқты, ат басын бұрды, ат басын тартты, ат басындай алтын, ат басын тіреді, ат бойы, ат бауырына алды, ат жаратты, ат жарыс, ат жетпес, атан жетпес жерді, атқа мінер, ат қосы, ат құлағы көрінбейді, ат құлағында ойнайды т.б.

Атқа байланысты фразеологизмдерді семантикасы жағынан бірнеше топқа бөлуге болады. Ол топтарда адамның түрін, мінезін, құлығын бейнелейтін фразеологизмдер баршылық, мысалы, жеңілтек, ұшқалақ, мінез: атқа жеңіл құдаша, ат бауырына алды (қатыгез), атқа мінер (пысық), ат құлағанда ойнайды (пысық, икемді), ат мінгізді, тон кигізді (қонақжайлылық), ат үстінде ұйықтады (мазасыз, тынышсыз), тайын Тәңірісіндей көрді (сараң адам), ат ойнатты (астамшылық жасайтын өктемді адам туралы), атой салды (жауынгер мінезді адам), ат көпір қылып алды, ат көпір қылып беру (дархан мінез туралы), т.б.

Қазақтар түйені Ойсыл қара дей отырып, оған ерекше мән берген. Қазақтың көшпелі мал шаруашылығы түйесіз мүмкін емес - ті, сондықтан түйе қазақ үшін қымбат мал. С. Кеңесбаевтың сөздігінен бірталай мысалдар келтірейік: түйеден түскендей ету (дөрекі, орынсыз), түйе кекірік (өлшеусіз тойып кеткендей кекірік), түйе қомында жүріп (күй таңдамау), түйе қотыр сөз (біреуді қажай айтылатын сөз), түйенің танитыны жапырақ (білетіні бірақ нәрсе), түйені түгімен жұту, түйе өркештеніп жатыр (қырат жер), түйе үстінен ит қапты (икемсіз, болбыр), түймедейді түйедей қылды.

Малдың сапасы тіршілік қажеттілігіне байланысты, әр түліктің өзінше бағасы бар, мысалы, М.Әуезов өлген азаматтың құнына беретін бағаны: «Әзімханның өлімін ырғайлы жоқтаусыз қалдырған жоқ. Ол жақтан жылқы аламыз деп барып, кісі де өлтірді ... кегін де алды ... Әзімхан басына жүз түйенің құнын да (қымбат төлеу деген мағынасында) алды (М. Әуезов. Қаралы сұлу. 269-б).

Қой атаулары бар фразеологизмдер:

Қойдай жуас, қойдан қоңыр, қоймінез, - десе, іс-қимылдың, әрекеттің берілісі мына тіркестерде сипатталады қой үстіне бозторғай жұмыртқалады (тыныштық) қойы тауға жайылып жатыр (тұрмысы жақсы, шаруасы жай), қойдай өргізу, қозыдай көгендеу (дегеніне көндіру), қойдай жусатты (айтқанын істетті), қойдай бөріктірді (у-шу етті) т.б.

Төрт түліктің аты теңеулердің образы ретінде жиі қолданылады. Мал-жануарлардың аты, түрі, түсі, қимылы басқа құбылыстармен заттармен салыстырылып, ойлау нысаны туралы елдің жағымды, не жағымсыз пікірлерін, бағаларын көрсетеді. Осындай теңеулерді малдың аттары бойынша бірнеше топқа бөлуге болады: «түйе» малының атаулары, осы ұғыммен байланысты теңеулер: «... Алдыма алып анықтап қарасам, мөлдіреген бота көзінен меруерт жасы парлап-ақ кеткен екен (Ғ. Мүсірепов. Қазақ әйелі, 21-б); «Мен өзі, сірә, зерек емеспін-ау деймін, бір әңгімені естісем, соны бірден түбіне жетіп түсіне қоймай, ойыммен оқтын-оқтын қайтып оралып, күйіс қайырған түйедей талмап барып жұтатын әдетім бар» (Т. Ахтанов. Шырағың сөнбесін, 26-б).

Қой: Толық етті, ақ жүзді әйел болатын. Ашық мойны бұғақты, жұмыр сұлу еді. Бет тұлғасы да, аз кесектеу келсе де, сүйкімді сұлу болатын көзі қой көздеу, бұйраланған қара шашты еді» (М.Әуезов. Кінәшіл бойжеткен, 239-б); Қозы қарны бұлтиып, қоңыр костюмінін ортанғы ілгегін шерітіп тұрғанымен ісі жоқ (М. Сүндетов. Ескексіз қайық, 165-б).

Ат: Соғыстағы шапшандық, мықтылықтың үстіне, бұл қыстыгүні ат құлағы көрінбейтін боранда, айсыз қараңғы түнде жылқының ішінен бірде-бір күн қалмайтын» (М.Әуезов. Барымта, 224-б).

Сиыр: «Ақылдасайық... Ертеңнен басқа да жексенбі бар ғой Брест те қашық емес. Келесі жұмада барса да бұл мәселе осылай жіңішкеріп барып, сиыр құйымшақтанып бітіп еді» (Т. Ахтанов. Шырағың сөнбесін, 14-б);

Қазақ халқы үшін «мал» ұғымы мәнді, құнды көзқарасты білдіреді. Сондықтан да осы малмен байланысты ұғымдар көбінесе жағымды ұғымдарды бейнелейді, халықтың жағымды көзқарасын көрсетеді. Бұл жағдайда берілген бағалар қазақтың этнотілдік сатысына, ұлттың оң жүйесімен байланысты. З.К. Темиргазинаның пікірінше бағаның онтологиялық табиғаты адамның сана сезімімен және ойлау жүйесімен байланысты [7]. Бағаламалық, бейнелік компонент тілдік сана-сезімнің этномәдениеттік өзгешелігінің белгісі болып табылады. Төрт түліктің атауы бар компонентті фразеологизмдер көбінесе эмплитивті – эксплицитті мағыналарды жүзеге асырады. Осы екі коннотациялар арқылы ұлттық реңкі бар фразеологизмдердің ұлттық ерекшелігі көрсетіледі. Егерде қазақ, орыс тілінде мал атаулары бар фразеологизмдерді салыстырсақ, онда біз олардың универсалдық және ерекшеліктік белгілерін атаймыз. Олар: 1) мал атаулары (төрт түлікті атау) жылқы (ат), сиыр, түйе, қой бар фразеологизмдер екі тілде де бар. Бірақ олар бір-біріне мағына құрылым жағынан эквиваленттік болса да ерекшеліктері бар: осы фразеологизмдердің коннотативтік мағыналары бірдей емес, себебі бағалаушылық мағыналары сәйкес келмейді. Орыс тілінде мал атаулары бар фразеологизмдердің коннотативтік мағыналарында субъективтік жағымсыз қатынасты мақұлдап көрсетілсе, ал қазақ тілінде жағымды қоғаммен мақұлданған субъективтік баға көрініс береді, мысалы, доңыз айбатты – (мақұлданбаған баға), талабы тай жеген бөрідей талабы таудай мағынасын білдіретін фразеологизмнің негізі – бөрі, бөрі сөзінің түркілер үшін ерекше мәні бар. 2. Осындай фразеологизмдердің бейнелілік мағынасында халықтың, қоғамның жағымды, жағымсыз құндылықтар, бағдарлары айқындалады.

Ділімнің, ұлттық-мәдениеттің өзгешеліктігін білдіретін көрсеткіштердің бірі- идеографиялық маркерлер. Әр тілдің лексика-семантикалық жүйесінде сақталатын негізгі ұғымдар бірталай тілде белгілері бір болғандықтан универсалды болады.

Әр тілдерге ортақ семантикалық примитивтер ұлттық тілдерде идеографиялық жағынан нақтыланады, яғни семантикалық примитивтердегі көлемді ұғымды жан-жақты сипаттайтын мағыналық көлемі аз сөздер пайда болады. Осы сөздер көбінесе ұлттық өзгешелікті сақтайды, себебі олар жалпы ұғымды білдіретін сөздерді идеографиялық парадигматикалық қатарларда анықтап, негізгі ұғымды оның гиперонимиялық ұғымдарын келтіру арқылы семантикалық жағынан нақтылайды, мысалы, қазақ халқы мал шаруашылығын жақсы біледі, себебі ол көшпелілер үшін негізгі өмір сүру тәсілі, сондықтан, осы малмен байланысты іс-әрекеттердің атауларын малдың күтімін, өнімін, жайылымын сипаттайтын сөздер қазақ тілінің сөздік қорында көп, олардың ассоциативтік кеңістігі де көлемді.

Қорыта айтқанда, әр ұлттың ділімі тілде әр түрлі көрініс береді. Қазақ ділімнің этномаркерлер ретінде біз келесілерді атаймыз: 1) төрт түлек пен байланысты фразеологизмдердің өзгешелігі; 2) ұлттық теңеулердің лексикалық компонентінде қазақ елінің материалдық мәдениетімен байланысты атаулардың қалыптасуы; 3) семантикалық примитивтердің әр тілді халықтың ділімін қалыптастырып, негізгі іс-әрекеттің бағдарына, ыңғайына қарай нақтылануы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. –200 б.
2. Айталиев А. Ұлттану. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. 220 б.
3. Гальперин П.Я. Языковое сознание и некоторые вопросы взаимоотношения языка и мышления // Вопросы философии, 1977. №4. -С.95-103.
4. Мұқанов М. Ұлттың ой-өрісі. -Алматы. 1978. 82 б.

5. Гиздатов Г.Г. когнитивные модели в речевой деятельности. –Алматы: Ғылым, 1997 –176 с.
6. Қазақтың мақал-мәтелдері. -Алматы: Раритет, 2004.
7. Темиргазина З.Оценочность как языковая категория // Поиск, 1999. №2. Серия гуманитарных наук. –С. 12-18.

## АБАЙ ӘНДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ

*Кенжебекова Г.А., №81 ЖББОМ мектебі,  
«Абайтану» пәнінің мұғалімі,  
Қанағатов А., № 81 ЖББОМ мектебінің  
10 сынып оқушысы*

Қазақ халқының ән әлемінде Абай Құнанбайұлының алатын орны ерекше. Ойшыл ақын, жаңашыл композитор – бір басына осындай мол дарын қонған Абай қаламынан қазақтың музыка тілін абайлық стильмен байытқан тамаша әндер мен күйлер туды. Ғасырлар бойы дамыған қазақ ән өнері ХІХ ғасырдың екінші жартысында көркемдік пен кемелдіктің шырқау шыңына өрледі.

Әннің, күйдің адам өміріндегі мән-маңызы туралы Абай өте бейнелі әрі терең тұжырым жасаған.

Қазақтың халық музыкасын терең білген әрі демократтық рухтағы орыс музыкасын жете бағалаған Абай композиторлық тума таланттың арқасында өз шығармаларында сол музыкалық дәстүрлердің интонациялық элементтерін бір арнаға біріктіре білді, сөйтіп қазақтың музыка тілін жаңа көркемдік бейнелеу құралдармен байытты.

Абай өз шығармашылығында халықтық ән өнерінің дәстүрін эстетикалық және этикалық көзқарасына орай одан әрі дамытты. Терең мағыналы өлеңдерін мәнерлі, баяу нақышты әуенмен қабыстыру шеберлігі арқылы өмірлік қуатқа толы реалистік образдар сомдады. Композитор әндерінен оның адам жанының терең білгірі, нәзік психолог ретінде болғанын көреміз.

Махаббат лирикасы тақырыбында атақты әндерінің бірі- «Желсіз түнде жарық ай». Бұл әнде сазгер махаббат мұңын табиғат үнімен, табиғаттың шексіз алуан түрлі бояуымен астастырып, тұтас бір бедерлі сурет тудырған.

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны – терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі[1,59].

Өлең мен әуеннің мінсіз жымдасуынан туған біртұтас көркем дүние айлы түнде бозғылт тұманға бөккен өзеннің сылдырап, тау жаңғырығы мен сыбырласқан ғашықтарды көз алдыңызға әкеледі. Әннің қоңыржай әуені кешкі қоңыр самалдың үп еткен лебізінен туғандай әсер қалдырады. Ән сазы байсалды, бір қалыпты, мәнерлі.

Абай әндері өзінің көзі тірісінде жұртшылыққа кең таралып, халық сүйіспеншілігіне бөленген. Академик А.Жұбанов 1967 жылы халқымыздың профессионал әнші-композиторлары туралы жазған «Замана бұлбұлдары» еңбегінде Абай шығармашылығына арнайы очерк арнаған. Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі– мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында.

Ән-күйдің сана-сезімге, көңілге әсер ететінін айта келіп, Абай:

Салған ән– көлеңкесі сол көңілдің[1,151],-десе,  
екінші бір жерінде:  
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Оның тәтті оранған мәні оятар.  
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,